

МЕДИАКЕҢІСТІКТІҢ ДИСКУРСИВТІК ТҮЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ӘСЕРІ

(Сара Вагенкнехт тұлғасын сараптау материалдары негізінде)

Салжанова Л.Е.¹, *Бактиярова Р.М.²

¹ф.ғ.к., профессор, Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ

Алматы, Қазақстан, e-mail: lal_salshan@mail.ru

*²PhD, қауымдастырылған профессор, Абылай хан атындағы ҚазХҚ және
ӘТУ

Алматы, Қазақстан, e-mail: rai_bah@mail.ru

Аңдатпа. Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдардың соңғы жетістіктерінің бірі – ол бір қарағанда абстракты болып көрінетін дискурс ұғымын жан-жақты талқылап қана қоймай, сонымен қатар оны әр түрлі эмпирикалық материалдармен тиянақты дәлелдеу арқылы қамтамасыз етуінде. Ұсынылып отырған мақаланың да негізгі мақсаты қазіргі заманға лайықты тұлға бейнесі медиакеңістікте дискурс сарапшыларының ықпал етуі арқылы қаншалықты қалыптасатынын және оны оқудың әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдарға тигізетін әсері мен маңызын көрсету. Себебі дискурс – қоғамдық процесс: ойлау, түсіну, саралау мен ұғынудағы материалдық шындық. Ол қоғам мүшелеріне қаншалықты әсер етсе, олар да дискурстың болуына соншалықты «ыңғайлы орта» жасайды және әр түрлі танымдық ойлар тууына әсер етеді. Бұл жағдайды дискурсивтік талдаудың маңызды формасы ретінде қарастыруға болады. Сол себепті полилингвистикалық жағдаяттарда тілдегі кез келген дискурсты фактуалдық талдау тұрғысынан қарастыру барлық жағынан да ұтымды шығады. Сонымен қатар лингвистикалық ғылымда тек бір тілдің материалдарымен шектелмей, басқа да шетел тілдерінің мазмұндық корпусына жүгінген жөн. Ол әсіресе шетел тілдері мен филологиясын оқитын, аударма мәселелерін талқылайтын мамандар үшін құнды. Соған қарамастан қаншама ұстанымдар мен көзқарастарды саралаудың негізінде біздің түйген ойымыз: дискурстың ешқандай да монолитті құрылым емес екеніне көз жеткізуге болады. Ол бар болғаны әлемге және оның көріністеріне деген біршама түсініктер береді немесе дискурс объективті шындықты түсіндіру жолындағы қол жетімді ұлттық-мәдени конструкциялар сұлбасы бола алады.

Үнемі өзгеріп отыратын шындық кеңістігі мен ондағы үлгілер медиа құралдары арқылы ақпараттық бейнелеуде бекітіліп, реттеліп және қабылданып отырады. Ол қоғам мүшелерінің ойлау тәсіліне айтарлықтай әсерін тигізетін болғандықтан, үнемі зерттеліп, тиісті бағасын алып тұруы қажет. Осы және басқа ойларымыз мақалада депутат Сахара Вагенкнехттің (Sahra Wagenknecht) бейнесін дискурстық талдау негізінде берілді.

Тірек сөздер: тұлға, медиадискурсивтік талдау, медиакеңістік, интермәтіндік байланыс, corpus-based тәсілі, corpus-driven амалы, дискурсивтік тартыс, әлеуметтік реляция

Негізгі ережелер

Тіл – адамзат өмірінің ең таңқаларлық ғажайып құбылысы және оны қолданатын адамзат мәдениетінің бірден бір маңызды және қызықты құралы. Тілде адамдардың физикалық өмір сүруі, қоршаған орта мен тұрмыстық жағдайлары, табиғаты мен болмысы, халықтың қайталанбас дамуы мен өмірлік салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы ғана емес, сонымен қатар олардың өзара қарым-қатынасындағы адамгершілік құндылықтары да бейнеленеді. Тілдік

жүйенің қайнар көзін ұлттық менталитет, ұлттық мінез, ұлттық сана мен ой, ұлттың ұшқыр қиялы мен даналығы, кеңірек алғанда этнографиялық мағынадағы мәдениетін бейнелейтін барлық құнды дүние толықтырады. Тілдік бірліктер – фразеологизмдер мен тіркестер, айтылымдар мен мәнмәтіндер, терминдер мен олардың ұғымдары – адам тілінің ажырамас бөлігі ретінде адамның ой-пікірін қысқаша және ықшамды бейнелейді. Осылайша коммуникант өз ойын эмоционалды және экспрессивті түрде жеткізе алады және реципиентке жағымды немесе жағымсыз әсер ету арқылы да бағаланады. Тілдің баға жетпес құдіреті де осында.

Екінші жағынан, зерттеудің құндылығы институционалдық қатысымдағы мәселелерді, ондағы тілдік бірліктердің бірден көзге түсе қоймайтын және түсініксіз жақтарын қоғам мүшелеріне қолжетімді ету, сонымен қатар оларды әрдайым жүйелеу болып табылады. Себебі дискурсивтік талдауға (conversation analysis) негізделген зерттеудегі қызығушылық «шынайы дискурста» қандай сұрақтар маңызды екені, оларға бұқаралық ақпарат құралдары қалай және қай жағынан әсер ететіні [1] талданады. Осы тұрғыда дискурс пен дискурсивтік талдау және оның негізін құрайтын мәтіндер легі мен олардың семантикалық құрылымы, концептуалдық шеңбері, сөз-сөйлеу-баяндау-әңгімелеу аналитикасына негізделген жалпы жағдаяттық өңдеуі нақты орын алады. Егер біз дискурсты өзінің қалыптасуында функционалдық прагматика сөз үлгілерін қайталау арқылы және тілдік ортада әдеттегідей дамиды дейтін болсақ, онда дискурс сол ортаға лайықты пішін алады және қалыптасады.

Кіріспе

С. Вагенкнехт Германия мемлекетінің саясатында ерекше орын алатын ең танымал депутаттардың бірі және Бундестагтағы әріптестерінің арасында көп сынға ұшырайтын тұлға. Егер сұрақтың қойылуын медиалдық дискурсивтік талдау тұрғысынан алатын болсақ, онда оны ғылымдардың біршама саласында толыққанды бейнеленуі шындығында оңай шаруа болмас еді. Ал лингвистика, ертеректен осы мақсатта тілдік бірліктер мен оны қолданудың үйреншікті дәстүрін жалғастырады. Дегенмен дискурсивтік талдау концептуалдық әдіске жүгінеді. Олай болса тілдік бірліктердің қолданылу құндылығы олардың бөлек немесе белгілі бір мәтіндерде кездесуінде емес, керісінше элементтерінің өзі мәтін құрай алатын мәтінаралық, басқа сөзбен айтқанда интермәтіндік байланыстағы «мәтіндік ұжым» (термин авторлардың құқығында) сипатында болуында. Яғни тіл бірліктерінің артықшылығы олардың жиі немесе сирек кездесуінде емес, олардың «дің жасаушы» ретіндегі тақырыптық топталуында, жиынтығында (корпусында). Сондықтан да біз қарастыратын мәселелер дискурсивтік талдау үшін жоғарыдағы түрде шешілсе, онда ол қайшылықтар тудыра қоймас еді. Себебі қазіргі тіл біліміндегі дискурсивтік талдаудағы мақсаттардың бірі «Қажетті дискурста қандай тілдік бірліктер тән?» мәселесін шешу. Ол басқаша талдауды қажет етеді, яғни С.Вагенкнехттің дискурстағы тілдік тұлғасын неғұрлым дұрыс түсіну үшін тақырып бойынша жиналған мәтіндердің ішіндегі ең

маңыздысын, керегін табу қажет. Бұл өз тұрғысынан соңғы онжылдықта әр түрлі тұспалды ойлар туғызып жүрген корпустық лингвистикадағы тілдің нұсқалары мен вариациясы және оларды ұтқыр қолдануындағы эмпирикалық зерттеулер нәтижелеріне апарады. Әрине мұнда да көп жалпылаулар мен «тұспалдар» бар. Дегенмен, ғылым бір орнында тұрмайды, дұрыс шешім табуға тырысады. Сондықтан дискурс нақты білім мен ойды белгілі бір уақыт мезгілінде нақты мәтіндерде іске асыратын немесе баяндайтын құрал және құбылыс болып табылады. Тілдегі құбылыстардың түрлі дискурстарда сан алуан құбылуы, семиотикалық бірліктердің ұлттық танымы мен санасының көрінісі болып табылатын менталдық мәнмәтінде алатын орындарына тікелей байланысты болғанымен, оларды тәржімелеу ғылыми қағидаттар мен лингвистикалық талдаулардың құзырында екені белгілі.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Соңғы кезде екі негізгі *corpus-based* (корпустың негізінде) және *corpus-driven* (корпусқа бағытталған) тәсілдердің арқасында тілдік формалар мен құрылымдардың жарамдылығын болжауға болады. Корпусқа негізделген зерттеу индуктивті сипатта болады, сондықтан ол тілдік құрылымдардың өзін талдаудан бастайды, ал екіншісі – лингвистикалық категорияларды тілдегі мәнмәтіндерде кездесуіне сай жүйелі түрде анықтайды [2; 3]. Е.Бонеллидің пікірінше «Corpus-based» тәсілі келесі сұрақтарды қарастырады: талқыланатын құбылыс берілген корпуста кездеседі ме, ал егер кездессе қайда, қаншалықты жиі және қандай түрде беріледі» [2, 100 б.]? Сол себепті де ол эмпирикалық ұтымды тілдік материал болып табылады және оны жылдам тексеруге мүмкіндік береді. Ал медиалдық кеңістікте адам немесе тұлға біршама сынға түседі, әр түрлі амплуада болады: ел аузында мақтаулы, сый-құрметке лайық марапаттаулы, босқа жәбірленуші, жеккөрінішті, авторитарлы-агрессивті, ашкөзді-тойымсыз, жауапсыздығы шексіз, адалдығынан арсыздық пен мақтаншақтығы басым, дөрекі-ұятсыз, тез жалықтыратын, тіптен құрметке ие болуының өзі дау туғызатын адам және т.б. Осындай көзқарастар әлемдік медиадағы тұлғаның «беделді» бейнесін барынша қызу талқылау мен көп сарынды дискурстарда үздіксіз бағалау, сынау шеңберінде ұстайды [4].

С. Вагенкнехт тұлғасын дискурсивтік талдау барысында біз негізінен басылымға шыққан үш медиа мәтінге жүгінеміз және басқа да сарапшылардың ой-тұжырымдарын қарастырамыз:

1.2023 жылдың 18-ші қарашасында «Spiegel (айна)» журналының атақты «ZDF/Zweites Deutsches Fernsehen (немістің екінші теледидары)» медиакеңістігінде жарық көрген «Medienberichte: Sahara Wagenknecht gründet eigene Partei (БАҚ: Сара Вагенкнехт өзінің жеке партиясын құрды)» атты мақаласы (электрондық нұсқасы: <https://www.tagesschau.de/inland/innenpolitik/>); 2. 2023 жылдың 10-шы қарашасында шыққан «Tagesschau» газетінің «Nach den Landtagswahlen: Die Linke hat nicht nur ein Wagenknecht-Problem (Мемлекеттік сайлаудан кейін: Солшылдарда тек Вагенкнехттің мәселесі ғана емес)» (электрондық нұсқасы: <https://www.tagesschau.de/inla>).

3. Танымал «Tagesschau» 2023 жылдың 9 наурызында жариялаған «Oft in Talkshows, selten im Parlament (Ток-шоуларда жиі, ал парламентте сирек)» атты мақаласы (электрондық нұсқасы: <https://www.tagesschau.de/wagenknecht-bundestag>).

Ұсынылып отырған үш мәтін де ірі парламент шеңберінде қызу талас тудырды және саяси ақпараттармен толықтырылғандықтан кез келген әлеуметтік дискурстың тірегі бола алады. Мысалы, осы мәселе төңірегінде дау жалғасуда, С.Вагенкнехт пен солшылдар басшылығының арасындағы алауыздық тереңдей түсуде, болжам бойынша астанадағы ARD студиясы мәлімдесі шындыққа жанасуы мүмкін, бірақ нақты деректің болмауы салдарынан (ресми мәлімет жасалмаған, партия шын мәнінде тіркелмеген) туған мәселелерді көрсетеді. Себебі БАҚ нақты нәтижені таратып үлгергенше, С.Вагенкнехт өз партиясын құрып жатыр.

Нәтижелер

Мәтінді оқу және оны түсіну барысында белгілі бір біліктілік деңгейі қажет. Сонымен қатар мәтін мазмұнын нақты ұғыну, ақпараттарға тереңірек үңілу, ондағы дәйекті мағлұматтарды зерделеу және мәтіндегі мазмұнды мейлінше түсіну сияқты субкомпетенцияларды талап етеді [5, 157 б.; 6, 23 б.]. Бұған дәлел дискурсивтік тартыстың негізінде жасалған «*Terminkollisionen*» біріккен сөзі, себебі ол мәтіннің бірден бір шебер құралы ретінде пайдаланылады. Егер біз С.Вагенкнехтті дискурс актерлерінің бірі ретінде қарастырсақ (ол онсыз да сол кейіпте), онда ол бұл терминнің концептуалдық жағын неғұрлым терең түсіндіре алады. Оны атақты журналист Alice Schwarzer өте әсерлі бере алған. Солшыл партияның ең көрнекті саясаткері (С.Вагенкнехт) *БАҚ кездесулеріне, эфирлік жазбаларға немесе әлеуметтік ашық іс-шараларға* қатысатындықтан, Бундестаг отырыстарына әрдайым бара алмайтынын айтты, – деп келтіреді Шварцер. Ал Вагенкнехт мұны уақытты жоспарлау қиыншылықтары деп атайды (*Terminkollisionen nennt sie das*). Нәтижесінде бұл көрініс *Terminkollisionen* композитумында беріледі. Біріккен сөздегі «*Termin*» бірлігі латын тілінен енген *terminus* «шек, шектіктің белгісі». Осыған сай кездесудің мақсаты, аяқталуы немесе мерзімі, жалпы уақыт ағымындағы бекітілген шек нүктесі тәрізді мағыналарды береді. Яғни күнтізбені жоспарлау мәтінінде уақыт аралығы жиілік уақытымен анықталады, ал көпше түрде қолданылған «*Kollisionen*» бірлігі көбінесе БАҚ мәтіндерінде кездеседі: *Zusammenstoß* – соқтығыс; *Streit* – ұрыс, дау, *conflict* – қақтығыс, *clash von Terminen* – уақыт тығыздығы немесе *clash mit dem Gesetz in Kollision geraten/kommen* – заңға қайшы келу (салыстырыңыз: *to come into conflict with the law, to collide with the law*) [7]. Мұндай қоғамдық қатынастар өзгермейтін әлеуметтік ұстанымдарға қатысты емес, керісінше белгілі бір іс-әрекеттерді сәтті жүзеге асыруға шартты түрде қабылданған жағдаяттар туралы баяндайды. Әрине, маман сарапшы ретінде әрекет ете алу үшін, сол ұлттық мәдениетке сай рөлдік конвенцияларды міндетті түрде білуі керек.

Талқылау

Парламенттік топтың жетекшісі болған, жасы елулерден асқан қайраткер өз партиясын құруға барлық жағынан лайықты, әйтсе де халық арасында оған деген сенім жоғары емес. Бұл пікірге ары қарай жандандырған медиаталас: Жас кезінде Сара бұрынғы Герман демократиялық республикасында марксист болған, кейін ол екі мемлекеттің бірігуімен тез арада маңызды фигураға (*Galionsfigur*) айналған. «The Pioneer» редакторы, The Pioneer және Podcast Host медиажелісінің бас репортері Алев Доған ([Alev Doğan](#)) тапқырлықпен қолданған «*Galionsfigur*» атауы ел арасында және әріптестер ішінде біршама ой тудырды. Екінші жағынан Вагенкнехтің шын болмысын айқындайтын мынадай сипаттама береді, яғни қайта біріккен Германиядағы солшылдар фракциясының қайраткеріне айналған әйел кім екендігі күн тәртібінде тұрған өзекті мәселеге айналды (электрондық нұсқасы: <https://www.thepioneer.de/originals/>).

Galionsfigur лексемасы 16-ғасырда солтүстік неміс матростарының тілінде қолданыла басталған термин. Бірінші құрамдас бөлігі *galion* француз тілінен енген, испан сөзі *galeón* (*großes Segelschiff, Galeone*) *үлкен желкенді кеме, галлеон* мағынасына сәйкес беріледі (кейде [Galeone](#), [Galione](#) деп те жазылады). Ол неміс тілінің - *figur* бірлігімен қосарлануы арқылы әйел образын бейнелейді. Кеменің галереясында әдетте ағаштан ойылған әйел бейнесіндегі фигура тұрады. Бейнелі мағынасында *jemanden zur Galionsfigur einer Partei machen; als zugkräftige, werbende Figur an die Spitze stellen* – біреуді партияның қайраткері ету; тартымды, жарнамалық тұлға ретінде жоғарғы сапқа немесе басшылыққа қою, – дегенді білдіреді [8]. Ал Дуденнің тағы бір сөздігі *Galionsfigur* сөзін бірнеше синонимдермен нақтылайды: мысалы, *Identifikationsfigur*, ағылшынша *Identification figure* немесе французша *Figure d'identification*, яғни *сөз етуге тұрарлық тұлға, Schlüsselfigur* (Key figure/pivot; *Personnage clé*; негізгі кейіпкер), *Symbolfigur* (*Symbolic figure; Figure symbolique; символдық кейіпкер*), *Kristallisationspunkt* (*Crystallization point, Crystallization figure; Figure de cristallisation; кристалдай таза жан*), *Kultfigur* (*Cult figure; Personnage culte; табынарлық тұлға*) тәрізді бірін бірі алмастыратын тілдік бірліктер [9, 276/372]. Оның үстіне репортер «Ұғымдар біршама шатастырылған», – дей отырып және Вагенкнехтің төл сөзін қолдану арқылы қоғамның біршама мүшелерінің санасына қосымша және күмәнді ой тастайды. Дискурстағы оның бейвербальды концептегі бейнесінің бір қырын репортер сөзі арқылы көз алдымызға келтіре аламыз: Ол Jakob-Kaiser үйінде өзінің депутаттар кеңсесінде қызыл фарфор кесесінен кофе ішіп отыр. Дискурсивтік жағдаят: ... кеңсесінде отыр және ... кофе ішіп отыр. Мұнымен репортер тұлғаның бойында аздаған менсінбеушілік, тәкаппарлық немесе тіптен немқұрайлық бар екенін көрсетеді. Ал келесі мәтінде керісінше депутат өз бойындағы сенімділігінің басымдылығын көрсетеді: «*Ich habe in meinem Buch den Begriff links konservativ sehr bewusst gesetzt – Мен өз кітабымда солшыл консерватив (links konservativ) ұғымын өте саналы түрде қолдандым*». Ол өз сөзіне өзі сенімді, ешқандай жалтақтау жоқ екенін келесі мысалдардан көруге болады:

Das ist ja scheinbar ein Widerspruch, Саяси дискурстарда солшылдар

weil man in politischen Diskursen denkt, links ist auf keinen Fall konservativ und umgekehrt.

Aber es gibt natürlich

Bewahrenswertes.

Es sei menschlich, Stabilität zu wollen, nicht zu wollen, «dass sich alles völlig verwandelt».

консервативті емес, – деген қайшылықты ой бар. Құдды бір солай сияқты.

Алайда құрметтеуге тұрарлық дүниелер әрине бар.

Адамға лайықты қасиет, тұрақтылықты қалау – «бар нәрсенің толығымен өзгергенін» қаламау.

А.Доган «Сара Вагенкнехт сөйлеген кезде, адам бірден таза ақылға қонымды сөз айтылғандай сезімде болады» деген суреттегі мәнмәтінді алға тартады: «логика, парасат, интеллект (Logik, Ratio, Intellekt). Басқа қайраткерлер ... алысса, ал ол таза адами сезіммен сөйлейді». Онымен қоймай «Иә, адам сырттай солай ойлап қалар». Репортердің сөзінде мысқыл бар ма, жоқ әлде шындыққа жанаса ма, бұл да мәтіннің ішкі салмағы. Міне С.Вагенкнехт тұлғасының көп қырлы сипаты дискурсивтік таласта ғана көрінеді және ашылады. *Бір саусағы ішінде, менменшіл, қақтығысы басым, өр мінезді, жауапсыз, алауыз* тағы басқа да *Spiegel* журналы мен *Tagesspiegel*, *Tagesschau* газеттері құраған мінездемелер шабуылды немесе жағымды-жағымсыз және окказионалды мағынаны одан ары үдетеді. С.Вагенкнехт те бұл дискурстық тартыстан қалысар емес. Ол журналист Элис Шварцер (Alice Schwarzer) ханыммен бірге Берлинде ұйымдастырылған шеруді партия басшылығының жөнсіз талқылағанын алға тарта отырып, оларды аяусыз сынға алады. Бір беткей, қайсар Вагенкнехт «Бұл солшылдар саясатының, яғни бұрын бейбіт күйде болған партияның қайғылы құлдырауын көрсетеді (vom traurigen Niedergang der einstigen Friedenspartei)», – деп аяусыз шорт кеседі. Мысалы:

Das Hick-Hack um Wagenknecht ...

Вагенкнехт айналасындағы дау ...

Die Linke hat nicht nur ein Wagenknecht-Problem ...

Солшылдарда Вагенкнехт мәселесі ғана емес ...

Дегенмен, жоғарыдағы екі айтылымның өзі біз талқылап отырған тұлғаның маңыздылығын одан ары нақтылағандай: бірінші мысалда ағылшын үлгісінде сызықшамен берілген *das/der Hick-Hack* (Hickhack) біріккен сөз бос әңгіме, пайдасы жоқ жанжал (nutzlose Streiterei); ақымақтық (törichtes) немесе шаршататын алып-қашпа әңгіме (zermürendes Hin-und-her-Gerede) мағынасында қолданылады. Бұл С.Вагенкнехтке барлығының тісі бата қоймас деген сөз. Этимология тұрғысынан алғанда талдаудағы түйінді сөз *das/der Hick-Hack hacken* етістігінен шыққан, яғни *кесіп түсіру, ұсақтау* мағынасында қолданылады [9, 356 б.]. Екінші мысалдағы *nicht nur* шектеу сөзі *солшылдардың проблемалары онсыз да бастан асып жатқанын* баса көрсетеді немесе үстемелетеді. Яғни «Сара Вагенкнехті жайымен қойған дұрыс болар» деген ойға итермелейді. С. Вагенкнехтің қайтпас қайсар, мүмкін қарама-қайшылыққа толы мінезі де ZDF-тің назарында, сондықтан бұл медиа өз кезегінде отқа май құйып, тұлғаны қайрай түседі: С.Вагенкнехт пен солшыл партия басшылығының арасындағы алауыздық тереңдей түсуде (Der Riss zwischen Sahra Wagenknecht und der Parteispitze der Linken vertieft sich);

Вагенкнехт басшылыққа қатты шабуыл жасады ... (Wagenknecht attackierte die Führungsriege scharf, ...). Мәтінде көрініс тапқан *der Riss* жарық, сызат, тесік, жыртық мағынасындағы окказионализм саяси дискурстағы тартысты үдете түссе (einen Riss/Risse im Hirn/Kopf haben – бастың дұрыс жұмыс істемейуі; nicht recht bei Verstand – санасының дұрыс болмауы, verrückt sein – ақымақ болу; *hirnrissig* – есуас т.б.), *Führungsriege* композитумындағы -riege компоненті басшылықтағы бірнеше адамның санын белгілеу арқылы, бұл әйелдің бір емес бірнеше қайраткерлерге төтеп бергенін көрсетеді. Сонымен қатар саяси қайраткер бұрынғы партияның рөлін, *қайғылы құлдырауын* (vom traurigen Niedergang) алға тартып, құлшынысы арта түседі. Вагенкнехтің *Tagesspiegel* газетіне берген сұқбатындағы осы сөз тіркестерді ZDF видеожурналы өте тиімді пайдаланған, оның бейнесін айқындап аша түскен. С.Вагенкнехтің де тілі ащы, өткір, қайтпас қайсар мінезді: ... өзін *қарапайым халықтың* жанашыры санайтын партияның бұл ісі банкроттықты мойындау мәліметімен бірдей (Für eine Partei, die sich als Anwältin der *kleinen Leute* versteht, ist das eine Bankrotterklärung); керісінше, солшылдар ең алдымен өз мүдделерін ойлайды, қорғайды және өз мәселелерімен шұғылданып әуре (Stattdessen ..., dass die Linke vor allem mit sich selbst beschäftigt ist) дегенді алға тартады.

Қорытынды

Сонымен тақырыптың өзектілігі ең алдымен талқыланған материалдың жаңашылдығымен, қарастырылып отырған тұлғаның даралығымен, мәтіндердің, дискурстың жоғары мазмұнды, сапалы болуымен, олардың транскорпустық сипатымен және басқа да өлшемдерімен, соның ішінде ұқсас тақырыптарды басқа шетел тілдері материалдары негізінде талдауға мүмкіншілік беруімен анықталады. Лингвистикалық талдауда ақпараттарды нақты ұсыну және семантикалық өріс тұрғысынан дұрыс түсіндіру, оларды талдауда әртүрлі тәсілдерді пайдалану – когнитивтік процестердің түрлілігімен байқалады. Қоғам мүшелерінің ұстанымдарын немесе көзқарастарын неғұрлым түсінікті ету, кейбір жасырын сипаттағы ақпараттар мен деректерді нақтыландыру барысында ғана тиімді жүзеге асады. Медиакеністік пен медиадискурс кез келген тақырыпты талдауда өте маңызды және олардың арақатысы да шын мәнінде құнды. Жоғарыда айтылған тұжырымдардың барлығы медиадискурстың кең ауқымды екенін растайды. Сонымен қатар оны түсіну әлеуметтік үрдіске қатысты. Бұл әлемнің түпкір-түпкірінде не болып жатқанын, мұндағы ақпараттардың қалай таралатынын және оны қалай түсінуге және түсіндіруге болатынын меңзейді. Дискурс, соның ішінде медиадискурс материалистік шындықты және адамдар қауымдастығындағы нақты кезеңдегі білім мен ойлауды көрсетеді. Сол себепті ол ешқашан өзектілігін жоғалтпайды. Мұнда міндетті түрде қоғам мен дискурстың арасындағы байланыста болатын әлеуметтік таным, дискурс пен білімнің арақатынасы, идеологияның семантикалық категориясы, ғылымға негізделген сын, әлеуметтік нормалар, дискурстағы тұлғаның ұстанымы және басқа да көріністер орын алады.

Сонымен қатар кез келген тақырыпты дискурсивтік талдау процесінде әр ұлттың өзіне тән когнитивтік үрдісін негізге алған жөн. Себебі мұнда сол ұлттың тілдік көрінісінің шындыққа жанасатын тұжырымдамасы орын алады. Лингвистика ғылымының соңғы жетістіктерінің ерекшелігі когнитивтік-психологиялық талдау тәсілі арқылы жұртқа танымал мәлімдемелердің ішкі жақтарын ақтару, көрсету, түсіндіру болып табылады [5, 153 б.]. Сондықтан да мақала жазу барысында өзіндік талдау жүргізуге бағытталған немесе оған мүмкіншілік беретін дискурсивтік-лингвистикалық зерттеу әдістері басшылыққа алынды. Осыған байланысты жұмыста негізгі мәселелер, теориялық талқылаулар, практикалық және классикалық мысалдар, ғылыми тұжырымдамалар, германистика саласында көптеген ғалымдар мойындаған анықтамалар, мәтіндерді реттеу өлшемдері, жеке бақылаулар қамтылған. Дискурсивтік зерттеулер негізінен конструктивистік парадигмаға негізделген және мұнда тіл тек әлемді ғана бейнелеп қоймайды, сонымен бірге оны бірге құрайды немесе біріктіреді (Die Diskursforschung ist dem konstruktivistischen Paradigma verpflichtet und geht davon aus, dass Sprache die Welt nicht (nur) abbildet, sondern mitkonstituiert) [10, 204 б.]. Осы тұрғыдан алғанда, білім, ілім бір рет қана жалт етіп көрінетін немесе құнсыз деректер қоры мен энциклопедиялар жинақтарында сақталатын дүние емес, ол сөзсіз дискурс нәтижесі болып табылады (... Wissen ist Resultat diskursiver Aushandlungsprozesse). Жұмыс барысында медиақұралдар мен медиакеңістіктердің ықпалы тұлғаның қалыптасуына қаншалықты әсерін тигізеді, онда талқыланатын дискурс қаншалықты дұрыс немесе бұрыс бағаланады және тұлғаның қандай қырлары ашылатыны мазмұндалады. Себебі бір немесе екі шетел тілі материалдарын зерттеу, тілдік құбылыстардың кейбір түсініксіз жақтарын ашуға мүмкіндік береді. Ал тілдерді үйрететін, оларды жан-жақты зерттейтін біздің отандық жоғары оқу орындары бір ғана тілдің шеңберінде ешқашан шектеліп қалған емес.

ӘДЕБИЕТ

[1] Montgomery Martin. Defining ‚Authentic Talk‘. In: Discourse Studies. Special Issue: Authenticity in media discourse. – Vol. 3, 4. – New York: Academic Press, 2001. – P.397-405.

[2] Tognini-Bonelli E. Corpus Linguistics at Work. – Philadelphia: John Benjamins, Amsterdam, 2001. – 224 p.

[3] Bubenhofer Noah. Sprachgebrauchsmuster. Korpuslinguistik als Methode der Diskurs- und Kulturanalyse. – Berlin/New York 009. – S. 100-102.

[4] Медиадискурстың тұлға бейнесін жаңартуға әсері // «Жаһандық өзгерістер жағдайындағы ғылым мен білімнің өзекті мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конф. жинағы. ҚазХҚжәнеӘТУ. 1-ші том. – Алматы (16-17 қараша) 2023. – Б. 283-287.

[5] Салжанова Е.Л., Бактиярова Р.М., Мамырханова Ж.Т. Когнитивно-психологический подход к дискурсивному анализу // Tiltanym. – Алматы, 2023. – № 3 (91). – Б.153-162. – URL: <https://www.tiltanym.kz>

[6] Garbe Ch., Holle K., Jesch T. Texte lesen: Textverstehen, Lesedidaktik, Lesesozialisation. – Verlag Ferdinand Schoeningh GmbH, 2009. – 251 S. ISBN 978-3-506-75649-7

[7] DWDS. – URL: <https://www.dwds.de> › Termin-Kollision

[8] Duden-Wörterbuch online. – URL: <https://www.duden.de/rechtschreibung/Galionsfigur>.

- [9] Duden: Die sinn- und sachverwandten Wörter. Synonymwörterbuch der deutschen Sprache. Bd. 8. – Mannheim/Leipzig/Wien/Zürich, 1997. – 858 S.
- [10] Sylvia Bendel Larcher. Linguistische Diskursanalyse. – Tübingen, 2015. – 256 S.
- [11] Ingo Warnke. Methoden und Methodologie der Diskurslinguistik – Grundlagen und Verfahren einer Sprachwissenschaft jenseits textueller Grenzen⁷ In: Dies (Hrsg.): Methoden der Diskurslinguistik. – Berlin: De Gruyter, 2009. – S. 3-54.

REFERENCES

- [1] Montgomery Martin. Defining ‚Authentic Talk‘. In: Discourse Studies. Special Issue: Authenticity in media discourse. – New York: Academic Press 2001. Vol. 3, 4: – P. 397-405.
- [2] Tognini-Bonellei E. Corpus Linguistics at Work. – Philadelphia: John Benjamins, Amsterdam 2001. – 224 p.
- [3] Bubenhofer Noah. Sprachgebrauchsmuster. Korpuslinguistik als Methode der Diskurs- und Kulturanalyse. – Berlin/New Yourk 009. – S. 100-102.
- [4] Mediadiskurstyň tülğa beinesin jañartuğa äseri (The effect of media discourse on updating the image of a person) // «Jahandyq özgerister jaǵdaiyndaǵy ğylym men bilimniñ özekti mäseleleri» atty Halyqaralyq ğylymi-teorialyq konf. jinaǵy. QazHQjäneÄTU. 1-şı tom. – Almaty (16-17 qaraşa), 2023. – B. 283-287. [in Kaz.]
- [5] Saljanova E.L., Baktiarova R.M., Mamyranova J.T. Kognitivno-psihologicheski podhod k diskursivnomu analizu (Cognitive-psychological approach to discursive analysis) // TILTANYM. – Almaty, 2023. – № 3 (91). – B.153-162. – URL: <https://www.tiltanym.kz> [in Rus.]
- [6] Garbe Ch., Holle K., Jesch T. Texte lesen: Textverstehen, Lesedidaktik, Lesesozialisation. – Verlag Ferdinand Schoeningh GmbH, 2009. – 251 S.
- [7] DWDS. – URL: <https://www.dwds.de> › Termin-Kollision.
- [8] Duden-Wörterbuch online. – URL: <https://www.duden.de/rechtschreibung/Galionsfigur>.
- [9] Duden: Die sinn- und sachverwandten Wörter. Synonymwörterbuch der deutschen Sprache. Bd. 8. – Mannheim/Leipzig/Wien/Zürich, 1997. – 858 S.
- [10] Sylvia Bendel Larcher. Linguistische Diskursanalyse. – Tübingen, 2015. – 256 S.
- [11] Ingo Warnke. Methoden und Methodologie der Diskurslinguistik – Grundlagen und Verfahren einer Sprachwissenschaft jenseits textueller Grenzen⁷ In: Dies (Hrsg.): Methoden der Diskurslinguistik. – Berlin: De Gruyter, 2009. – S. 3-54.

ВЛИЯНИЕ МЕДИАПРОСТРАНСТВА НА ФОРМИРОВАНИЕ ДИСКУРСИВНОЙ ЛИЧНОСТИ

(на основе исследования личности Сары Вагенкнехт)

Салжанова Л.Е.¹, *Бактиярова Р.М.²

¹к.ф.н., профессор, КазУМОиМЯ им.Абылай хана
Алматы, Казахстан, e-mail: lal_salshan@mail.ru

*²PhD, ассоц. профессор, КазУМОиМЯ им.Абылай хана
Алматы, Казахстан, Алматы, Казахстан, e-mail: rai_bah@mail.ru

Аннотация. Одним из последних достижений гуманитарных и социальных наук является то, что они не только всесторонне обсуждают понятие дискурса, кажущееся на первый взгляд абстрактным, но и тщательно доказывая снабжают его разнообразным эмпирическим материалом. Основная цель представленной статьи – показать, каким образом под влиянием дискурс-экспертов формируется современный образ личности в медиапространстве, а также продемонстрировать важность и значимость изучения для социальных и гуманитарных наук. Дискурс – это общественный процесс: материальная

реальность в мышлении, понимании, дифференциации и осознании. Насколько дискурс влияет на членов общества, настолько они создают такую «благоприятную среду» для существования дискурса и вместе с этим и появлению различных познавательных мыслей. Данную ситуацию можно рассмотреть как важную форму дискурсивного анализа. И поэтому рассмотрение любого дискурса с точки зрения фактуального анализа в полилингвистических ситуациях является выгодным во всех отношениях. Кроме того в лингвистической науке лучше не ограничиваться материалами одного языка, а прибегать к содержательному корпусу других иностранных языков. Такой подход ценен для специалистов, изучающих иностранные языки и их филологию, обсуждающих переводческие проблемы. На основе анализа многих позиций и взглядов мы убедились: дискурс не является монолитной структурой, а только некое понимание мира и его проявлений или дискурс всего лишь модель, имеющей национально-культурные конструкции в разъяснении объективной реальности.

Постоянно меняющееся реальное пространство и его модели фиксируются, регламентируются и принимаются в информационном представлении благодаря медиа-средствам. Так как они оказывают существенное влияние на образ мышления членов общества, они должны регулярно исследоваться и должным образом оцениваться. Эти и другие мысли были затронуты в статье на основе дискурсивного анализа образа депутата Сары Вагенкнехт (Sahra Wagenknecht).

Ключевые слова: личность/фигура, медиа-дискурсивный анализ, медиaprостранство, интертекстуальная связь, способ corpus-based, метод corpus-driven, дискурсивная оппозиция, социальная реляция

THE INFLUENCE OF THE MEDIA SPACE ON THE FORMATION OF A DISCURSIVE PERSONALITY

(based on the analysis of Sarah Wagenknecht's personality)

Salzhanova L.E.¹, *Baktiyarova R.M.²

¹Candidate of Phil.Sc., Professor, KazUIRand WL named after Ablai Khan
Almaty, Kazakhstan, e-mail: lal_salshan@mail.ru

*²PhD, Associate Professor, KazUIRand WL named after Ablai Khan
Almaty, Kazakhstan, e-mail: rai_bah@mail.ru

Abstract. One of the recent achievements in humanitarian and social sciences is the comprehensive discussion of the concept of discourse, initially appearing abstract, now meticulously supported by diverse empirical evidence. The primary goal of this article is to demonstrate the significance of media space in shaping a personality suitable for contemporary society, presented through the lens of discourse experts. Discourse is a societal process: a material reality in thinking, understanding, differentiation, and awareness. As much as discourse influences members of society, they, in turn, influence discourse formation. This situation can be seen as an important form of discourse analysis. Discourse is both a tool and a phenomenon that articulates specific knowledge and thoughts in concrete texts of a particular time. Despite language phenomena evolving in various discourses and the close connection of semiotic units in the mental (meaningful) context, reflecting national knowledge and cognition, their interpretation relies on the competence of scientific principles and linguistic analysis. Simultaneously, the factual examination of any discourse in multilingual situations is rational from all perspectives. Hence, in linguistic science, it's advisable not to limit oneself to a single language - relying solely on native language materials but to explore the substantive corpus of other foreign languages. Through analyzing various positions and perspectives, it becomes evident that discourse is not a monolithic creation but an understanding of the world and its manifestations. Alternatively, discourse serves as a model of existing national-cultural constructions in explaining objective reality.

The constantly evolving real space and its models are captured, regulated, and accepted in informational representation thanks to media means, significantly influencing the thought patterns of society members. These and other thoughts presented here aim to be substantiated by analyzing the image of Bundestag deputy Sarah Wagenknecht. Therefore, the article describes how media means/spaces impact personality formation, evaluates the discussed discourses correctly or erroneously, and reveals different facets of personality within them.

Keywords: personality/figure, media-discourse analysis, media space, intertextual connection, corpus-based method, corpus-driven method, discursive opposition, social relation

Статья поступила 27.12.2023